

**«Павлодар қаласының №48 санаторлық сәбилер бақшасы»  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны  
Қамқорлық кеңес отырысының  
№3 ХАТТАМАСЫ**

**Күні:** 2021 жылғы 30 желтоқсан.

**Өтетін орны:** ZOOM

**Уақыты:** 14-00

**Қатысқандар:** Қамқоршылық кеңесінің 11 өкілі.

**Шақырылғандар:** әдіскер - А.А.Темиргалиева, психолог- Г.З.Мукушева,  
медбике- Ж.Т.Култанова, бухгалтер-М.К.Галлиулина.

**Қатыспағандар:** қамқоршылық кеңесінің 2 өкілі (сырқаттануға байланысты)

**Күн тәртібі:**

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша басшының есебі.

Басшы: А.Т.Казыбаева

Бірінші сұрақ бойынша сөз алды: А.Т.Казыбаева білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есеп берді. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы 2021 жылғы 30 қарашадан 2021 жылғы 30 желтоқсанға дейін өтті. Комиссия мүшелері арасында бағалау критерийлеріне сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жүргізу бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Алма Толеубаевна 5 жыл ішінде балабақша ұжымының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын орындау жөніндегі қызметін мынадай бағыттар бойынша талдады: мектепке дейінгі ұйым туралы жалпы мәліметтер, педагогикалық кадрлар жөнінде, балалар контингенті туралы мәліметтер, әдістемелік тәрбие жұмысы, материалдық техникалық база және пәндік кеңістік дамытушы орта. Өзін-өзі бағалау және балабақшаның даму перспективаларымен таныстырды. Комиссия қызметі және педагогикалық кеңестің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы шешімі негізінде мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауы «zhaqsy» - 4.

Сөз сөйледі: қамқорлық кеңес төрағасы А.Т.Каримова өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша басшы А.Т.Казыбаеваның есебін қабылдауды ұсынды. Басшы мектепке дейінгі ұйым туралы жалпы мәліметтерді түсінікті айтып шықты.

Сөз сөйледі: Д.С.Токпаева ұжымның тұрақты екенін, балалар үшін барлық жағдайлар жасалатыны жайлы айтып өтті.


Сөз сөйледі: Д.Б.Сарсембаева балалардың дағдылары қалыптасқаның, бағдарламаны игеріп жатқандықтары жайлы, білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша басшының есебін қабылдауын ұсынды.

**Қамқоршылық кеңес отырысының шешім:**

1. Мектепке дейінгі ұйымның өзін – өзі бағалау нәтижелері бойынша басшы А.Т.Казыбаеваның есебі қабылдансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшы:



А.Т.Каримова

Г.Е.Кадырбаева